



АЛТАУ арайы

Газет тарихы 1918 жылдың маусым айынан басталады



Alatau_araiy@mail.ru
www.alatauaraiy.kz



АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ



№142 (447) // 25 желтоқсан // бейсенбі // 2025 жыл

ЖАҢА НЫСАН

Іле ауданына қарасты Түймебаев ауылында өрт сөндіру бекеті пайдалануға берілді. Нысанның ашылу салтанатына Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрі, генерал-лейтенант Шыңғыс Әрінов, облыс әкімінің орынбасары Әсет Масабаев қатысты.

ӨРТ СӨНДІРУ БЕКЕТТЕРІ АШЫЛДЫ



Өз сөзінде Шыңғыс Әрінов бұл нысан Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі, жергілікті атқарушы органдар мен демеушілердің қолдауымен салынғанын атап өтті. Ол осы орайда жергілікті билік өкілдеріне ризашылығын жеткізіп, өрт бекетінің құрылысына үлес қосқан азаматтарға марапаттар мен Алғыс хаттар табыс етті.

Облыс әкімінің орынбасары Әсет Масабаев ауыл тұрғындары мен өртке қарсы қызмет жұмысшыларын жаңа нысанның ашылуымен құттықтап, жобаға демеушілік көрсеткен жеке кәсіпкер Малик Лилизовке алғыс білдірді.

Өрт бекеті канадалық технология бойынша заманауи, отқа төзімді және тез тұрғызылатын панельден салынған. Бұл құрылымның беріктігі мен пайдалануға қолайлылығын қамтамасыз етеді. Бір қабатты ғимаратта жедел қызметтің үздіксіз жұмыс істеуіне барлық жағдай жасалған. Онда диспетчерлік бөлме, екі қабатты қереуеттері бар демалыс бөлмесі, асхана, жуыну орны бар. Бөлімшеде төрт адам қызмет істейді. Өрт бекеті екі бірлік техникамен қамтамасыз етілген.

Аталмыш өрт бекеті Жәпек батыр, Жайнақ, Көкқайнар, А. Токпанов және Төле би ауылдарының қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Қызмет көрсету аймағындағы халық саны шамамен 70 мың адамды құрайды. Ең жақын мемлекеттік өрт сөндіру бөлімі Өтеген батыр ауылында, шамамен 20 шақырым қашықтықта орналасқан. Осыған байланысты жаңа бекеттің іске қосылуы өрт пен өзге де төтенше жағдайлар кезінде әрекет ету мүмкіндігін арттырады.

Салтанатты шара соңында жаңа нысанның лентасы қиылып, кілті табысталды. Келген қонақтар ғимарат ішін аралап көріп, мұнда қызмет атқаратындар мен еріктілер үшін барлық жағдай жасалғанына көз жеткізді.

Талғар ауданында да жаңа өрт сөндіру бекеті қолданысқа берілді. Тұздыбастау және Белбұлақ ауылдарының шекарасында орын тепкен нысанның салтанатты ашылу рәсіміне ҚР Төтенше жағдайлар министрі, генерал-лейтенант Шыңғыс Әрінов, Талғар ауданының әкімі Таңат Айдарбеков қатысып, тұрғындар қуанышына ортақтасты.

Нысанның ашылу салтанатында сөз алған Шыңғыс Әрінов министрлік тарапынан жүзеге асып жатқан «Ауыл құтқарушылары» бағдарламасы аясында облыстың 368 ауылын өрт сөндіру бекетімен қамтамасыз ету жоспарланып отырғанын жеткізді. Алдағы жылы облыс әкімдігі және жергілікті ұйымдармен бірлесіп, осындай 40 нысанның құрылысы жүргізілетінін атап өтті. Бұдан соң министр жаңа нысанның басы-қасында жүрген аудан әкімі Таңат Айдарбеков пен ғимаратты сапалы құрылыс материалдарынан бар-жоғы 40 күнге жетпейтін мерзім ішінде тұрғызған кәсіпкер – «Супиев» ЖК директоры Ренат Супиевке «Азаматтық қорғау жүйесін дамытуға қосқан үлесі үшін» арнайы төсбелгісін табыстады. Сондай-ақ ауылдық округ әкімі Шыңғыс Толымбеков пен демеушілік көрсеткен жеке кәсіпкер Алмас Асхатұлы ҚР Төтенше жағдайлар министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

Жиналған жұртты Тұздыбастау ауылдық округінің тұрғыны Жақсылық Бәзілбаев та құттықтап, жаңа өрт сөндіру бекетінің ашылуы ауыл тұрғындары үшін үлкен қуанышты жайт екенін айтты. «Бұл – тек ғимараттың ашылуы ғана емес, азаматтарымыздың қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі нақты қадам. Жергілікті тұрғындарға деген қамқорлықтың көрінісі», – деді ол.

Нысанның ашылу салтанаты бекеттің кілтін тапсыру және қызыл лентаны қиюмен жалғасты. Ауыл әжелері халқымыздың дәстүрлі шашу рәсімін атқарған соң, қонақтар ғимараттың ішін аралады. Мұнда тиімді қызмет көрсету үшін барлық қажетті нәрсе – диспетчерлік, демалыс бөлмесі, асхана қарастырылып, ерікті өрт сөндірушілерді орналастыру үшін де жағдай жасалған.

Жаңа бекетке өрт сөндіру техникасы, арнайы жабдықтар мен киімдер тапсырылды. Бұл төтенше жағдай қызметкерлерінің жұмысын сапалы атқаруына мүмкіндік ашары сөзсіз.

**Бағдат ШОЙБАС,
Құтмағамбет ҚОНЫСБАЙ**
Іле, Талғар аудандары



ОБЛЫСТЫҚ ӘКІМДІКТЕ

МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ ЗОР



Суретті түсірген – Асхан ҚАЖЕКЕ

Облыс әкімінің бірінші орынбасары Қанат Есболатовтың төрағалығымен міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне халықты тарту жөніндегі өңірлік штаб отырысы өтті. Жиынға денсаулық сақтау, ішкі саясат, жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармалардың басшылары, онлайн форматта аудан әкімдері қатысты.

● Гүлзат БАЙҚОНЫСОВА —

Онда міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі өзгерістер туралы халықты уақытылы және жан-жақты хабардар ету, азаматтардың денсаулық сақтау жүйесіне деген сенімін арттыру мәселелері қаралып, МӘМС жүйесіне халықты тарту динамикасы сараланды, сондай-ақ D және E санаттарына жататын азаматтардың жарна төлеу барысы талқыланды.

Қанат Болатұлы ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Аида Балаеваның осы жылдың 8 желтоқсанында өңірлермен әлеуметтік мәселелер бойынша өткен кеңесінің хаттамалық тапсырмаларына сәйкес, халық арасында ақпараттық-түсіндіру жұмысын күшейту қажеттігін ерекше атап өтті.

Бірінші кезекте облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Ержан Сүлейменов бұл бағытта жасалып жатқан жұмыстар жайын баяндады. Айтуынша, 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап, төрт нозология – кант диабеті, ревматизм, балалардың церебралды сал ауруы, дәнекер тінінің

жүйелі аурулары әлеуметтік маңызы бар сырқаттар қатарынан алынып, динамикалық бақылауға жататын тізімге ауыстырылады. Яғни аталған ауруға шалдыққан жандардың ем қабылдау кезіндегі қаржысы МӘМС арқылы төленеді. Сондай-ақ D және E санаттары бойынша жарна жергілікті бюджет қаражаты есебінен бөлінеді.

Келесі болып міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне халықты тарту динамикасы туралы облыстық «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» коммерциялық емес акционерлік қоғамы директорының міндетін атарушы Нұрлан Қыдырбаев баяндама жасады.

– «Saqtandyru» ақпараттық жүйесінің 2025 жылғы 17 желтоқсандағы дерегі бойынша облыста 305 153 адам сақтандырылмаған мәртебесінде тіркелген. 1 желтоқсандағы дерекпен салыстырғанда, олардың саны 2651 адамға төмендеді. Алайда Балқаш, Ұйғыр, Еңбекшіқазақ, Райымбек, Жамбыл және Кеген аудандарында көрсеткіш әлі де жоғары деңгейде. Талғар, Іле, Қарасай және Еңбекшіқазақ аудандарында сақтандырылмағандар

саны – 230 987 адам, бұл облыс бойынша жалпы көрсеткіштің 75,6%-ын құрайды. Бұл аудандарда түсіндіру жұмысын күшейту қажет. Осы жылдың 30 қыркүйегімен салыстырғанда облыс бойынша сақтандырылмағандардың саны 14 685 адамға өскен. Ең үлкен өсім Қарасай, Талғар және Іле аудандарында орналасқан медициналық ұйымдарда тіркелген. 2025 жылғы 12 желтоқсандағы дерек бойынша облыста МӘМС жүйесіне 23 106 адам тіркелген. Өңірде сақтандырылмаған азаматтар саны азаюда. Алайда көрсеткіш әлі де орташа деңгейде қалып отыр, – деді Нұрлан Икрамбайұлы.

Әлеуметтік жағынан осал D және E санаттарына жататын азаматтардың жарна төлеу тетігін түсіндіру мәселесі жайлы жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының міндетін атқарушы Ержан Байқоныс баяндады. Айтуынша, облыста 81,4 мың адам D әлеуметтік санатына, 21,9 мың адам E әлеуметтік санатына жатады. Оларды МӘМС жүйесіне тіркеу үшін 2,643 млрд теңге қаржы бөлінген. Сонымен қатар биыл 54,4 мың адам жұмыссыз ретінде тіркелген. Бұл азаматтардың МӘМС жарналарын қаржыландыру үшін бюджеттен 1,2 млрд теңге сұралған, қазіргі уақытта бұл ұсыныс қаралу үстінде.

Жыын соңында Қанат Болатұлы аудан әкімдері мен басқарма басшыларына нақты міндеттер жүктеп, бірігіп нәтижелі әрекет ету керегін тапсырды.

МАРАПАТ

Сайыпқырандар – ел мақтанышы

Қонаевта спорт саласы бойынша жыл қорытындысы шығарылып, жоғары жетістікке жеткен спортшылар мен бапкерлерді шаһар басшысы Асхат Бердіханов марапаттады.

● Айжарық КӨПТІЛЕУОВ —

– Облыс орталығы болғаннан бері қалада спорт саласына ерекше көңіл бөлініп келеді. Тұрғындардың спортпен айналысуына жағдай жасалып, заманауи спорттық инфрақұрылым дамуда. Шағынаудандарға жаттығу жасауға арналған спорттық құрылғылар орнатылды. Сонымен бірге ойын алаңдары мен шағын футбол алаңдары салынуда. Бұл үрдіс алдағы уақытта да жалғасын табатын болады. Жыл басынан бері қала спортшылары республикалық және облыстық жарыстарда 111 алтын, 113 күміс және 193 қола медаль жеңіп алды. Бұл жетістік – сіздердің қажырлы еңбектеріңіздің жемісі ғана емес, жаттықтырушылар мен отбасы мүшелері қолдауының нәтижесі, – деген шаһар басшысы спортшылар мен жаттықтырушыларға жаңа жетістіктер мен жарқын болашақ тіледі.

Асхат Еркекұлы панкратионнан әлем біріншілігінің қола жүлдегері және Nomad Азия чемпионатының жеңімпазы Әмина Болысбекке, мектеп командалары арасындағы шахматтан әлем чемпионатында Алматы құрамасының сапында 2-орынды еншілеген Иманғали Ақылбайға, пара армрестлингтен әлем чемпионатында жеңімпаз атанған, қол-күрестен әлем чемпионатында 2-орынға ие болған Мөлдір Серқанға, жастар арасында MMA-дан



Суретті түсірген – Дина ДӘУІТБЕКОВА

әлем чемпионы Әділжан Талғатовқа, пара армрестлингтен әлем чемпионатында бірнеше мәрте жүлдегер болған Жеңісбай Бердібаев пен Гүлмира Закуноваға, пауэрлифтингтен әлем чемпионы Айдар Тезековке, жүзуден әлем чемпионы Әмина Шыңәділге, Nomad MMA-дан Азия құрлығының күміс жүлдегері Даниял Ахметовке Алғыс хат пен 70 мың теңгелік сертификат табыс етті. Сонымен қатар спортшыларды жетістікке жетелеген жаттықтырушылар да марапатталды.

Салтанатты шара соңында Қонаев қалалық Қасым Қайсенов атындағы №4 орта мектептің 4-сынып оқушысы Даниял Ахметовтің анасы Қарлығаш Ахметовамен бірауыз тілдескен едік.

– Даниял спорттың ережесіз жекпе-жек түрімен үш жасынан шұғылдана бастады. Содан бері түрлі деңгейдегі байрақты бәсекелерге қатысып жүр. Облыс чемпионы атанып, ел біріншілігінде қола жүлдеге қол жеткізді. Азия чемпионатында күміс медаль иеленіп, көптеген жарыста топ жарып, жүлделі орындарды еншіледі. Он жастағы баламның осындай Азия құрлығында ел намысын қорғап, облыс көлемінде қаланың абыройын асқақтатуы оның білікті бапкері Дилшат Ибраимовтың қажырлы еңбегінің арқасы екені даусыз. Жаттықтырушысының баптауымен алдағы уақытта да биік белестерді бағындыратынына кәміл сенімдімін, – дейді жас спортшының анасы.

Қонаев қаласы

КЕЛЕЛІ ШЕШІМ КЕЛЕШЕК ҮШІН!



Суретті түсірген – Аслан ҚАЗЖЕКЕ

Әкімдіктің мәжіліс залында облыстық мәслихаттың кезекті XLV сессиясы өтті. Отырысқа облыс әкімінің орынбасары Әсет Масабаев, облыстық мәслихат төрағасы Қуат Байғожаев, басқарма өкілдері, депутаттар, онлайн режимде аудан-қала басшылары мен мәслихат төрағалары қатысты.

● Ерзат АСЫЛ

Қуат Сұлтанұлы төрағалық еткен сессия отырысында алдымен аймақтың 2021–2025 жылдарға арналған Даму жоспарының іске асырылу есебі тыңдалды. Бұл ретте баяндама жасаған экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы басшысының міндетін атқарушы Ерлан Шатанов есепті кезеңде аймақта білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қолдау салаларында айтарлықтай оң өзгеріс байқалғанын жеткізді. Атап айтар болсақ, 2022 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін барлық салада 240 мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылған. Ал атаулы әлеуметтік көмек алушылар саны 57,4 мыңнан 19 мыңға дейін, яғни 3 есеге азайған. Жалпы өңірлік өнім көлемі соңғы үш жылда 3,4 трлн теңгеден 6 трлн теңгеге дейін өсіп, облыс республика бойынша үздік көрсеткішке көтерілген. Аймақта негізгі капиталға инвестиция тарту бағытында тұрақты оң динамика қалыптасқан. 2022 жылы инвестициялар көлемі 614 млрд теңгені құраса, 2024 жылы бұл көрсеткіш 1

трлн теңгеден асқан. Ал 2025 жылдың қорытындысы бойынша инвестициялар көлемін 1,3 трлн теңгеге жеткізу көзделген. Ерлан Сәрсенғазұлының айтуынша, облыстың 2021–2025 жылдарға арналған даму жоспары бойынша негізгі бағыттарда жүйелі жұмыс жүргізіліп, нақты нәтижелерге қол жеткен.

Келесі кезекте облыс аумағында екінші атом электр стансасын салу мәселесі қаралды. Бұл ретте сөз алған энергетика және сумен қамту басқармасы басшысының міндетін уақытша атқарушы Нұрлан Өмірханов екінші АЭС салу аймағын келісу тақырыбында ой қозғады.

«Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайда берген тапсырмаларында ядролық энергетиканы дамыту, оның ішінде ядролық кластер құру және қосымша атом электр стансаларын салу мәселесін пысықтауды жүктеген болатын. Осы тапсырмаларды орындау мақсатында 8 қазанда ҚР Премьер-Министрінің №21-15/6481 қаулысы шыққан еді. Аталған құжатта орталық және жергілікті атқарушы

органдарға Алматы облысы аумағында екінші атом электр стансасын салу бойынша ықтимал алаңдарды жан-жақты зерттеу және ұсыныстар дайындау жөнінде нақты міндеттер қойылды. Үкімет тапсырмасын іске асыру шеңберінде 24 қыркүйекте ведомствоаралық комиссияның отырысы өтті. Отырыста ықтимал алаңдарға алдын ала техникалық және сараптамалық талдау жүргізілді. Қауіпсіздік, сейсмикалық тұрақтылық, инфрақұрылым мүмкіндіктері мен өңірлік энергетикалық жүйенің даму перспективасы ескеріле отырып, ынталандыратын әлеуетті орын ретінде Алматы облысының Жамбыл ауданы айқындалды», – деді аса мыңызды жобаның маңыздылығын түсіндірген Нұрлан Өмірханұлы.

Оның айтуына қарағанда, бұл таңдау ауданның географиялық, инфрақұрылымдық және энергетикалық артықшылықтарына, сондай-ақ болашақ стансаны өңірлік электр желісіне интеграциялау мүмкіндігіне байланысты жасалған. Сонымен қоса, желтоқсан айында орталық мемлекеттік органдардың, жергілікті атқарушы биліктің, бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері мен тұрғындардың қатысуымен қоғамдық тыңдаулар өткізілген. Оның қорытындысы бойынша Жамбыл ауданы аумағында екінші атом электр стансасын салу халық тарапынан қолдау тапқан.

Сессияда облыстық мәслихаттың 2026 жылға арналған жұмыс жоспары бекітіліп, ауыл шаруашылығы, жер қатынастары, ветеринария және экология мәселелері бойынша тұрақты комиссиясы төрағасының есебі, облыстық мәслихат төрағасының 2025 жылы атқарған жұмысы туралы баяндамасы тыңдалды.

Өз кезегінде облыс әкімінің орынбасары Әсет Масабаев сөз алып, сессия жұмысы барысында аймақтың тыныс-тіршілігі мен өңірдің болашақ өркендеуіне қажетті маңызды жайттар қаралғанын, әрбір өткізілетін мұндай жиындардан атқарылып жатқан ауқымды істердің нәтижесі анық байқалатынын тілге тиек ете келе, халық қалаулыларына алғысын білдірді.

ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Ауыл еңбеккерлеріне құрмет



Жамбыл ауылдық Мәдениет үйінде Ауыл шаруашылығы, тамақ және қайта өңдеу өнеркәсібі қызметкерлері күні аталып өтті. Салтанатты шараға өңір еңбеккерлері мен сала мамандары қатысып, ауыл шаруашылығында қол жеткен жетістіктер мен алдағы межелерді саралады.

● Серік САТЫБАЛДИЕВ

Мәдениет үйінің кіреберісіне ауыл шаруашылығы өнімдерінің көрмесі қойылды. Мұнда шикізатты ұқсату өндірісінің жұмысы айқын көрініс тапты. Одан кейін көрермен залында салада атқарылған жұмыстың нәтижесі кеңінен сөз болды. Алдымен аудан әкімінің орынбасары Азамат Сұлтанов ауыл шаруашылығының бір жыл бойғы жұмысының есебін берді. Баяндамада саланың қарқынды дамып келе жатқаны, соңғы жылдары аудан экономикасы тұрақталып, аграрлық сектордағы жұмыс біршама жақсарғаны нақты көрсеткіштермен келтірілді.

Баяндамада жыл басынан бергі ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы көлемі 67 млрд теңгеге жеткені айтылды. Бұл көрсеткіш ауданды облыстағы алғашқы үштіктің қатарына шығарады. Ал мал саны бойынша бұл аймақ көш бастап тұр. Облыстағы 2 жарым млн малдың жартысына жуығы Жамбыл ауданында тіркелген. Атап айтқанда, мұндағы қой-ешкі саны қазір 1 млн 200 мыңға жетті. Сонымен қатар 114 мың бас ірі

қара, 57 мың бас жылқы бар. Облыста тіркелген 8 мың бас түйенің 1 жарым мыңы осында. Саланы мемлекеттік қолдаудың нәтижесінде өнім өндіру мен қайта өңдеу саласында оң өсім байқалады. Жыл басынан бері 15 мың тоннаға жуық ет, 32 мың тонна сүт, 77 миллион дана жұмыртқа өндірілді. Биыл диқандар 103 мың тоннадан астам астық бастырып, бидай, арпа, жүгері мен сұлы өнімдерін алды. Сондай-ақ 30 мың тонна көкөніс жиналды. Аграрлық секторды қолдау мақсатында «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында 8 шаруашылық қолдауға ие болды. Нәтижесінде грант иегері атанып, кәсібін жүргізіп отырғандар қатары өсе түсті.

Ауылшаруашылық техникасын жаңарту ісі де жүйелі жүргізілуде. Сондай-ақ 22 мың гектар суармалы алқаптың жартысы тамшылатып және жаңбырлатып суару жүйесін пайдаланады. Қысқа дайындық ойдағыдай. Биыл 1 миллионнан астам мал қыстатылмақ. Ол үшін 535 мың тоннадан астам мал азығы дайындалған. Мал ұрлығына қарсы шара ретінде биылдан бастап малды танбалау және тіркеу жұмысы жүргізіліп жатыр.



Халық игілігіне берілді

Кеген ауданы Жылысай ауылында талай жылдан бергі тұрғындардың тілегі қабыл болып, Мәдениет үйі пайдалануға берілді. Құлық тауының етегінде орналасқан елдімекенде түрлі мәдени іс-шаралар бұған дейін мектептің шағын залында өтетін. Енді кең сахнада өнер көрсетуге мүмкіндік туды.

● Дәурен ӘБУТӘЛІПОВ

Құрылыс жұмысын мердігер «Бауыр құрылыс компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі атқарды. Шараға арнайы қатысқан облыстық мәслихат төрағасы Қуат Байғожаев:

– Өткен күнмен салыстырып қарасақ, Жылысай ауылында су құбыры да тартылды, жол да жасалды. Міне, бүгін заманауи үлгідегі мәдениет ошағы ашылды. Халық денсаулығына үлкен мән беріліп, ауылдық емхана салынып жатыр. Осының бәрі Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлының тапсырмасы аясында атқарылып жатқан игі істер, – дей келе, өңірдегі қоғамдық бастамаларға үн қосып, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына атсалысып жүрген Жылысай ауылдық аксақалдар алқасының төрағасы Болат Таубалдиевті «Қазақстан мәслихаттарына – 30 жыл» мерекелік медалімен марапаттаса, театр мен кино өнерінде білік белестерді бағындырып, қазақ сахнасының көкжиегін кеңейткені үшін актер Омар Қықымовқа облыстық мәслихаттың Құрмет грамотасын табыстады.

Мәдениет үйінің ашылу салтанатында сөз алған Кеген ауданының әкімі Нұрбақы Теңізбаев:

– Бұл нысан ауыл өмірінің рухани орталығы, өнер мен мәдениеттің ордасы, ұрпақ тәрбиесінің алтын ұясы болмақ, – деді.

Қоғам қайраткері Бексырға Данышпанов жиналған жұртшылықты қуанышымен құттықтап, «Өмірден түйгендерім» атты кітабын ауылдық кітапханаларға сыйға тартты.

«Бауыр құрылыс компаниясы» ЖШС өкілі Ғалымжан Мұхтарұлы жаңа ғимараттың символикалық кілтін Жылысай ауылдық Мәдениет үйінің директоры Қайрат Нарынбаевқа табыстады. Сондай-ақ салтанатты шарада сөз алған өнер зерттеушісі, журналист Сағатбек Медеубекұлы, актер Омар Қықымов, ардагер-журналист Марат Такабаев, сазгер Жақсылық Әбдіраманов, айтыскер ақын Нәсілхан Токтасынова ізгі тілектерін жеткізсе, ауыл тұрғыны Болат аксақал ақ батасын берді.

Мәдениет үйінің лентасы қиылып, ақ жаулықты аналар шашу шашты. Бұдан соң жиналған көпшілік өнер ошағын аралап көрді. Екі қабатты зәулім ғимарат спортзалмен біріктіріле салынған. Мұнда домбыра мен қолөнер, шахмат пен дойбы үйірмелері, кітапхана, 140 орынды көрермен залы бар. Мәдениет үйінде 8 қызметкер еңбек етеді.

Салтанатты шараға келген жұртшылық ауыл өнерпаздарының кең сахна төрінде ұсынған концерттік бағдарламасын тамашалап, көтеріңкі көңіл-күйде тарқасты.

Кеген ауданы

БРИФИНГ

Қаржылық қылмыс қалай әшкереленеді?

Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпараттық алаңында өткен баспасөз мәслихатында Алматы облысы бойынша экономикалық тергеп-тексеру департаменті басшысының орынбасары Әсет Жаманбаев атқарылған жұмыстар жайын баяндады.

● Тоғжан ЖОЛДЫҒАЛИ

Оның айтуынша, экономиканың қарқынды дамуы және криптовалюталар мен өзге де цифрлық қаржы активтерін пайдалануға деген қызығушылықтың артуы заңсыз қаржылық операциялар қаупін күшейтіп отыр.

– Қаржылық мониторинг агенттігі есептік кезеңде цифрлық активтердің заңсыз айналымын анықтау, жолын кесу және оның алдын алу, сондай-ақ цифрлық ортада қаржылық барлау тетіктерін дамыту бағытында жүйелі жұмыстар жүргізді. Қылмыстық жолмен алынған криптовалюталарды қалғалауға мүмкіндік беретін заманауи әрі тиімді құралдарға қол жеткізуді қамтамасыз ететін «КРИПТОН» басқармасының құралдары белсенді түрде пайдаланылуда. Сонымен қатар блокчейн-талдау жүргізу, деанонимизациялау және қылмыстық істерді жан-жақты тергеу үшін маңызы бар жекелеген зерттеулерді жүзеге асыру дағдыларына ие білікті мамандар тартылған. Негізгі назар цифрлық активтерді пайдалану арқылы қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру және террористік қызметті қаржыландыру белгілері болуы мүмкін операциялар бақылауға алынуда, – деді ол.

Спикердің айтуынша, қылмыскерлер қаражаттың шығу көзін жасыру мақсатында цифрлық құралдарды белсенді түрде қолданады. Әдетте бұл схема былайша жүзеге асады: «наркодүкендердің» иелері мен интернет-алаяқтар ақша қаражаттарын банктік шоттарға немесе криптовалюта түрінде айырбастау сервистерінің әмияндарына аударады. Кейін алынған сомалар конвертацияланып, күрделі транзакциялар тізбегі арқылы өткізіледі, бұл олардың шығу тегін жасырып, қаржылық ағындарды шатастыруға мүмкіндік береді. Мұндай қызметтерді көрсеткені үшін делдалдар сыйақы алады, ал операцияларды жүргізу барысында көбіне жалған тұлғалардың банктік карталары мен электрондық әмияндары, яғни дропперлер пайдаланылады. Нәтижесінде заңсыз айырбастау пункттері көлеңкелі қаржы айналымының белсенді қатысушыларына айналып, «кәсіби жылыстатушылар» ролін атқара отырып, қаражатты қолма-қол ақшаға айналдыруды және оны шетелге шығаруды қамтамасыз етеді. Қаржылық мониторинг агенттігі цифрлық активтермен жүргізілетін операциялардың ашықтығын қамтамасыз ету және оларды заңсыз мақсаттарда пайдалану тәуекелдерін төмендету бойынша мақсатты жұмыстарды жалғастыруда.

Жамбыл ауданы



ЖЕҢІСКЕ
80 жылдығына
орай Еңбекшіқазақ
ауданындағы Шелек
тарихи-өлкетану музейі
қызметкерлерінің
ұйымдастыруымен Кеңес
одағының батыры Төле
Кенжебаевты еске алуға және
Екінші дүниежүзілік соғыстың
тарихына арналған «Елім деген
ерді елі мәңгі ұмытпайды» атты
конференция өтті.



Ерлік ешқашан ұмытылмайды



Аталған жиынға Қазақстан педогогикалық ғылымдар академиясының академигі, профессор, Қазақстан Журналистер және Жазушылар одағының мүшесі Марат Токашбаев, тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті «Қазақстан тарихы» кафедрасының профессоры Болат Сайлан арнайы келіп, Екінші дүниежүзілік соғыстың тарихы туралы кеңінен әңгімеледі.

Шарада Қарасай ауданындағы «Анаға құрмет» музейінің экскурсия жетекшісі Ахан Сабыржан көшпелі көрме ұйымдастырды. Онда қазақтың батыр қыздары Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова және Хиуаз Доспанованың соғыста пайдаланған заттары қойылды.

Жиында алғашқы сөз алған облыстық музейлер бірлестігінің директоры Талғат Келімбетов пен Шелек ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы Майра Жампейісова басқосудың мақсатын айтып, Жеңістің оңай келмегенін, оның адамзатқа тартқызған тауқыметі, қайғысы мен қуанышы жайлы қысқаша тоқталып өтті. Одан кейін Марат Токашбаев «Екінші дүниежүзілік соғыстың шынайы бет-бейнесі» атты баяндама жасады.

Екінші дүниежүзілік соғыс 1939 жылғы 1 қыркүйектен 1945 жылғы 2 қыркүйекке дейін созылған. Әлем халқының 80 пайызға жуығы, яғни шамамен 1 млрд 700 мың адамға зардабын тигізген. Соғыс өрті сол кезде 73 мемлекеттің 62-сін, нақтылап айтқанда Еуропа, Азия мен Африка құрлығын шарпыған. Майданға 110 миллионнан астам адам қатысып, оның 50 миллионы құрбан болған. Ал Германия мен Кеңес одағының соғысы 1941 жылдың 22 маусымында басталып, 1945 жылдың 9 мамырында аяқталған. Баяндамашы Кеңес әскерінің шабуылда жөнсіз қырылуына жол берілгенін, қазақстандық 500 жауынгер Кеңес одағының батыры атанса, оның 100-ге жуығы қазақ болса, бұдан да көп жерлестерімізге бұл атак берілмегенін тілге тиек етті. Ал тарих ғылымдарының докторы, профессор Болат Санабайұлы қазақстандықтардың майдандағы ерлігі туралы сөз қозғады.

Шелек ауылдық округі ақсақалдар кеңесінің төрағасы Әбілбек Айтақынов Төле Кенжебаевтың Днепр өзенінен өтудегі шешуші шайқаста неміс офицерін тұтқындағаны, ал Дәулен Ахметовтің Брест қамалында алғашқы соғыс басталғандағы жаумен шайқаста ерлікпен қаза тапқанын әңгімесіне арқау етті.

Конференция барысында патриоттық әндер шырқалып, журналист, ақын Ахан Сабыржан өлең оқыды. Жиын соңында Марат Байділдаұлы «Уақыт жебесі» атты бес томдығын, ал Болат Сайлан «Біз болған соғыс» атты кітабын музей директоры Қуанәлі Алмасбекке табыс етті. Соңында соғыста шейіт болған есіл ерлерге Құран бағышталды.

Анарбек БЕРДІБАЕВ,
журналист

СЕМИНАР

Қарасай ауданы Береке ауылдық Мәдениет үйінде «Obtain» балаларды дамыту орталығының негізін қалаған, қаржылық сауаттылық саласының тәжірибелі маманы Жанар Тұрғынбаева «Білім. Қаржы. AI» атты семинар ұйымдастырды. Аталған шараға мұғалімдер, ата-аналар, оқушылар, сондай-ақ түрлі саладан спикерлер қатысты.

● **Қуат ҚАЙРАНБАЕВ** —

Семинарды ашқан Жанар Аманжолқызы қатысушылардың білім саласындағы жаңа бағыттарды, қаржылық сауаттылықтың негіздерін, жасанды интеллекттің қолданудың маңызын және басқа да тақырыптарды бірге талқылауға жиналғанын жеткізді. Қаржы тақырыбы бойынша сөз алған ол аудиторияны ақшаны дұрыс пайдалану, қаражат жинау мәдениетін қалыптастыру туралы құнды мәліметтермен таныстырды. Ал Мөлдір Дөнесқызы өзі негізін қалаған «Samgau» даму және шығармашылық орталығының тарихы, жұмысы мен жүзеге асырылып жатқан жобалары туралы әңгімеледі. Спикер спортпен айналысу, өнер және колөнермен шұғылдану, қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысу адамның жан-жақты дамуына ықпал етіп, елімізден тыс жерлерде сапалы білім алуға кең мүмкіндік ашатынын ерекше атап өтті.



Цифрлық дәуірде жасанды интеллект – AI-дің рөлі зор. Бұл тақырыпты Мәскеу жоғары оқу орындарының бірінде білім алған Қазыбек Қобылан тарқатты. AI – заманауи технологияның бір өнімі. Ол баршаға қолжетімді, арнайы дағдыларды қажет етпейді. Әмбебаптылығының арқасында мұғалімдер, оқушылар, студенттер, бизнес өкілдері секілді әртүрлі санаттағы адамдар үшін тиімді құрал бола алады. Күрделі тақырыптарды түсіндіру, тест пен емтиханға дайындалуда материалды жүйелеу,

ОЗЫҚ МЕДИЦИНА

КӨЗІМІЗДІ САҚТАЙЫҚ!

Бүгінгі таңда көз аурулары қоғамдағы ең өзекті медициналық мәселелердің біріне айналды. Бұрын 50-60 жастан кейін кездесетін катаракта, глаукома секілді аурулар қазір 40-45 жастағы адамдарда жиі анықталып жүр. Тіпті, бесіктен белі шықпай жаттып, көзілдірік таққан балалар саны да жылдан-жылға артууда. Бұл тенденция дәрігерлерді де, ата-аналарды да алаңдатып отыр.

● **Құралай МҰРАТҚЫЗЫ** —

Көз – адамның ең нәзік әрі күрделі мүшесі. Көру қабілетінің төмендеуі тек медициналық мәселе емес, өмір сапасына тікелей әсер ететін фактор. Сондықтан көз ауруларының алдын алу, дер кезінде диагностикадан өту және сапалы медициналық көмекке жүгіну аса маңызды. Осы орайда Еңбекшіқазақ көпбейінді орталық аудандық ауруханасында ашылған Көз микрохирургия орталығы аймақ медицинасы үшін үлкен серпіліс болды. Аталған орталық заманауи медициналық технологиялармен, халықаралық стандартқа сай диагностикалық және хирургиялық құрылғылармен жабдықталған.

Орталық ашылғалы бері қысқа уақыт ішінде мұндағы дәрігерлер 1000-нан астам пациент қабылдап, катаракта, көзге ет осу сынды диагнозбен келген 100-ден астам науқасқа хирургиялық операция жасаған. Бұрындары мұндай ем-шара үшін аудан тұрғындары Алматы, Астана сынды үлкен қалаларға ағылса, енді ауданнан аттап шықпастан, осы орталықта емделе алады. Инвазивті операциядан кейін пациент сол күні үйіне қайтады. Яғни апталап стационарда жатудың қажеті жоқ.

«Соңғы жылдары офтальмологиялық проблемалар жас талғамайтын деңгейге жетті. Көз ауруларының көптеген түрі бар. Соның ішінде көз бетінің, көз бұршағының, көз қан тамырларының, торлы қабатының аурулары, көз жаракаттары, глаукома, рефракция ақаулары, қылилық, көздің ісіктері, туа біткен көз патологиясы және тағы басқа жағдайлар жиі кездеседі. Балалар мен жасөспірімдер арасында алыстағыны көру қабілетінің нашарлауы айқын түрде көбейіп отыр. Сондай-ақ ересектер арасында құрғақ көз синдромы, катаракта, глаукома, тор қабық патологиялары жиілеп кетті. Осы орайда ауыл тұрғындарына жоғары медицинаны барынша жақында-тып, аурухана базасынан осындай орталықтың ашылуы қуанарлық жайт. Мұнда ересектер мен балаларға арналған толық офтальмологиялық көмек көрсетіледі», – деді орталықтың



офтальмолог-хирург дәрігері Сухраб Әділ. Ол көп таралған көз ауруларының себеп-салдарына да тоқталып өтті.

Миопияның негізгі себептері – смартфон, планшет, компьютерді шамадан тыс қолдану, экранды өте жақын ұстау және дұрыс отырмау, тұқым қуалау. Сонымен қатар бөлмедегі жарықтың жеткіліксіздігі мен таза ауада аз жүру де көздің көру қабілетін төмендетеді. Бұрындары ойын балаларын үйге кіргізе алмаса, қазір далада ойнайтын бала аз екені шындық. Таңнан кешке дейін смартфонға жабысып, экранға телмірген жеткіншектер далаға шықпаған соң алсықа көз тастап, жанарымен айналасын шолып, бақылауды білмейді. Мұның салдары тек миопия ғана емес, құрғақ көз синдромы да туындайды.

Ал жас ұлғайған сайын даму қаупі айтарлықтай артатын катаракта, глаукома сынды аурулар пациенттерде көп кездеседі. Катарактада мөлдірлігін жоғалтып, бұлыңғыр тартқан көз бұршағы жарықтың тор қабатына жетуіне кедергі келтіріп, көзді таңып қойғандай әсерде қалдырады. Салдарынан көздің көру қабілеті төмендейді, қараңғыда көру, түстерді ажырату қиындайды. Дәл осы диагнозбен Еңбекшіқазақ көпбейінді орталық аудандық ауруханасындағы Көз микрохирургия орталығында 100 шақты науқасқа ота жасалған.

Глаукоманың пайда болуына жастың ұлғаюы, көздегі қысымның жоғарылауымен қатар, тұқым-қуалаушылық пен анатомиялық ерекшеліктер де, қант диабеті мен ұзақ уақыт гормональды препараттар қабылдау да себеп болады. Ең қауіптісі,

глаукома көп жағдайда жасырын түрде дамиды.

«Ауырмайды, қызармайды, тек көру өрісі баяу тарылып, наукас көруден қалады. Сондықтан профилактикалық тексеріс өте маңызды. Егер глаукомаға күдігіңіз болса, дер кезінде тексерілген жөн. Глаукоманы тоқтатуға немесе бұл процесті барынша баяулатуға болады. Жалпы 40 жастан асқан жандар жылына бір рет, қант диабеті барлар жылына екі рет көзін тексертіп тұруы керек», – дейді Сухраб Сыдықжанұлы.

Қырғыз мемлекеттік медициналық академиясында базалық медициналық білім алған Сухраб Әділ С.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің офтальмология мамандығы бойынша резидентурасын тәмамдаған. Офтальмологиялық хирургия, заманауи диагностикалық технологиялар және лазерлік медицина бойынша халықаралық сертификаттарға ие ол технологиялар сәт санап дамып жатқан заманда уақыт көшінен қалмай, үнемі білімді арттырып, біліктілікті шыңдап отыру керектігін айтады. Офтальмология саласында диагностика, терапиялық ем, лазерлік процедуралар және офтальмохирургия бағыттарында 8 жылдық тәжірибесі бар.

«Офтальмология – дәлдікті, шыдамдылықты және жанашырлықты талап ететін өте нәзік сала. Мен бұл мамандықты адамдарға нақты нәтиже сыйлай алатын мүмкіндігі үшін таңдадым. Сондықтан әр пациенттің көруін жақсарту, күнделікті өміріне жарық пен айқындық сыйлау – мен үшін үлкен жауапкершілік әрі кәсіби жетістік», – дейді ол.

Еңбекшіқазақ ауданы

Бүгінгі идея – ертеңгі жетістік

таңдау жолдары, сондай-ақ оқушыларға кең мүмкіндік ашатын грант пен конкурстар туралы айтып берді.

Семинар барысында Жанар Аманжолқызы өзінің «Бай – Бала – Береке» атты жобасын таныстырды. Бұл – 2026 жылдың 19 қаңтарында басталатын үш айлық қаржылық сауаттылық курсы. Курстан кейін қатысушыларға сертификат беріледі. Маңыздысы – балалар үшін курс ақылы болғанымен, олардың ата-аналары үшін тегін. Сонымен қатар аудандағы көптеген мектепте қаржылық сауаттылық бойынша оқыту семинарлары өткізілмек.

Жиын барысында құрметті қонақтар да сөз алды. «Ана мен бала» қайырымдылық қорының жетекшісі, Қарасай аудандық мәслихатының депутаты Әлия Сәтбаева қор жұмысы туралы айтып, жастарды осы игілікті іске белсенді атсалысуға шақырды. Оның айтуынша, соңғы жылдары елімізде волонтерлік қозғалыс қарқынды дамып, әлеуметтік қолдау көрсету ауқымы кеңейіп келеді.

Қарасай аудандық отбасын қолдау орталығының жетекшісі, аудандық мәслихат депутаты Елена Константинова және Қарасай аудандық орталық ауруханасының медико-әлеуметтік және психологиялық қызметінің жетекшісі Дана Тәжидинова халыққа, әсіресе қиын жағдайға тап

болған отбасыларға көрсетілетін әлеуметтік көмек туралы айтты. Олар тәулік бойы жұмыс істейтін «150» және «111» сенім телефондарының маңызын атап өтті.

«150» – балалар мен жастарға арналған көпжылдық тәжірибесі бар психологиялық қолдау қызметі, ал «111» – балаларға, жасөспірімдерге, әйелдерге және отбасыларға арналған сенім телефоны. Бұл нөмірге хабарласу арқылы психологиялық және заңгерлік жедел көмек, құқық қорғау, зорлық-зомбылық, буллинг, әлеуметтік қолдау және басқа да қиын жағдайларға қатысты кеңес алуға болады.

«Re Women» қауымдастығы Алматы облыстық филиалының төрағасы, «Зияткер» интеллектуалды орталығының негізін қалаушы Әсел Жылқыбаева «Әйелдер көшбасшылығы, жастарды дамытуға шақыру, білім берудің жана мүмкіндіктері» тақырыбын көтерді. Құқық қорғау органдарының өкілі, полиция капитаны Абылайхан Сәменов қатысушыларға алаяқтық түрлері туралы айтып, олардан сақ болуға шақырды.

Қорытынды сөзінде Жанар Аманжолқызы бұл шараның пайдалы ақпарат алмасуға, тәжірибе бөлісуге, заманауи білім мен технологияларды бірлесіп меңгеруге мүмкіндік бергенін атап өтті. Қаржылық сауаттылық пен жасанды интеллект – болашақтың негізгі кілті екенін айта келе, аталған семинар жастардың жүрегіне жаңа идеялар ұялататынына сенім білдірді.

Қарасай ауданы

ӨЛЕҢ-ӨРНЕК

Естігендей елізем Тәңір үнін

Жетім емес

Бұйрық еді-ау әмірлі әке сөзі,
Көңілсіздеу «көгеріп көсегесі».
Ата-анасы қалдырған атасына,
Қайран бала, жатсынын өседі өзі.

Кімнен енді даулайсың құнын қазір,
Бастан өтті кезінде мұның бәрі.
Бөтенсіген соқпақпен жүргендіктен,
«Аға, тәте» дегенге ұрынғаным.

Орайы кеп отауға келін кірді,
Келін кірді – көркіне көңіл тұнды.
Алаңдады, таңғалды аңғарды да,
Атайтыным аян боп менің кімді.

Жамылғанда-ақ ақ жсаулық
«мама» деген,
Енді сөздің салмағы маған келген.
Оңашада қайтадан қобалжымын,
Жеме-жемде жаңылып қалам
ба екен?!

Тіпті, қиын болар ма мұндай хәлім,
«Папа, мама» дегенде қиналғаным!
Анам сонда көз жасын төгіп-төгіп,
Жылаганы еңкілдеп үй айналып.

Ел ойлады «Қуаныш көз жасы» деп,
Сезіп тұрмын себебін өз басым тек.
Өз анасын осылай өксітуге,
Пешенеге ешкімнің жазбасын деп.

Немерені ениілеп, еркелетіп,
Дүниеден кемпір-шал ерте кетіп.
Жетім емес сол бала жетімсіреп,
Қиялданып өмірі өтер өстіп.

Не тәтті?

Қиял – дүрбі алысты жақындатқан,
Жастығыңның тұңғығын қалқып
аққан.
Тәтті шағын таңдайда табы қалған,
Жыр жолымен жеткізер сәтін
тапқан.

Тәтті-ақ еді өрігі, алмасы да,
Көзді қарып, қоймайтын алмасыңа.
Ең дәмдісі алманың мизамдағы,
Қол жетпестей қалғаны
дәл басында.

Шатқалдарда долана көріктеніп,
Шиелері таңдайда еріп кетіп.
Бүлдіргені шәрбаттай тамын
тұрған,
Құмар қылар жеңгейдей жерік етіп.

Тәгілтетін бақишаны жазы нұрға,
Тіл үйіріп қарбызы, қауыны да.
Тәбетіңді тартатын тамсандырып,
Шоққа көмген бүйрегі, бауыры да.

Танып, түйдім түйсікке дәмді
ұғымын,
Балдәуренде барлығы нәрлі-тұғын.
Бал ғана емес, тәтті еді айран, сүті,
Кілегейі кілкітін балғын бұрын.

Енді тәтті немерең жалғанатын,
Ұйытқан құйқа қаужап алданатын.
Жан қадірлі қартаңға арбадағы,
Тоқтата алмас ылдига доңғалайтын.

Мойындау

Күн жсарықтық жазыққа жантаяды,
Дидарына топ-толық Ай қарайды.
Бірін-бірі үндемей ұғысқанмен,
Пенделерге бар сырын айта алмайды.

Көне бабам табынған бір Тәңірге,
Құдіретін танытқан Күн бәріне.
«Басыңды и!» деп ғаламатымдағанда,
Жан жазылар, емі асып мың дәріден.



Сәбит АЛДАБЕРГЕНҰЛЫ,
ақын, ҚР Білім беру ісінің үздігі

Күнді бағып қиырдан сығалаған,
Неге Айға табыну күнә маған?!
Еске аламын атамды жаңа Айға,
Күмәнданбай қол жайып тұра қалған.

«Аман жүріп, Ай көріп», ата болдым,
Қасиетін Күн мен Ай қатар қойдым.

Жыр-бесікте тербелген

Ұстаздардың қағазбен көп әурешілігі барша жұртқа жақсы таныс. Бірақ сонда да уақыт тауып, шабыт кемесіне мініп, өлең әлеміне қанат қағып жүрген мұғалімдер бар. Сондай өлең өлкесінде қанат қаққан ұстаздың бірін мен жақсы білемін. Ол – туындылары анда-санда өңірлік басылымда жарияланып тұратын, екі өлең кітабының авторы, ҚР Білім беру ісінің үздігі атанған, Жамбыл атындағы №6 кәсіптік-техникалық колледждің бұрынғы қызметкері, қазіргі зейнеткер Сәбит Алдабергенұлы. Кезінде Бүкілодақтық және Қазақстан комсомолы орталық комитеттерінің, облыстық кәсіптік-техникалық білім беру басқармасының Құрмет грамоталарымен марапатталғаны – оның қажырлы еңбегінің бағасы. Менің тағы білетінім – Сөкең зейнетке шыққан соң, уақыт тізгіні өз қолына тигенде, ойы тереңдеп, әбден толысқан шағында, бұрынғы өлеңдерінің басым көпшілігін қайта қарап, өлшеп, өңдеп, төп-тәуір дүниеге айналдырғаны. Өн бойындағы ұқыптылық пен үлкен жауапкершілік өлеңдерін оқырман көңілінен шығарлық дәрежеге жеткізуге себепкер болған. Өз туындыларын, әсіресе, лирикалық өлеңдерін ұзын-сонарға салмай, шағын көлемде және нақты жазуы – оның қабілетінің бір қыры. Сәбит Алдабергенұлын 75 жасқа толған мерейтойымен құттықтай келе, өзіне зор денсаулық, мол шығармашылық табыс, отбасына амандық тілейміз.

Нағашыбек ҚАПАЛБЕКҰЛЫ,
жазушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

Үйретемін ұлыма ұлықтауды,
Табиғаттың тылсымын атар әр күн.

Жаратқаным – қайнары жан
нұрының,
Естігендей елізем Тәңір үнін.
Бар адамзат күмәнсіз мойындайды,
Күн мен Айдың әлемде мәңгілігін!

Тау мен дала туысқан

Құрлықтан жаралмаған теңіз бөлек,
О бастан тау мен дала – егіз демек.
Ендеше, егселгіде жаралған соң,
Ерекше емексудің жөні бөлек.

Таулардың дала тәнті паңдығына,
Құйылған құзырына таң нұрына.
Таулар да шетсіз-шексіз шартарапқа,
Көніп тұр көсемсімей табынуга!

Көкқаптал – соның бірі Көктөбедей,
Күзде де көк орайлы көктемедей.
Көз салсам маусымдайын
масайраймын,



Көк далам көк көсіліп, көктегендей!

Соқпағым басталатын басы мұннан,
Жартасы жаралғандай жасын
жырдан!
Даланың ұлылығын ұғар ұрпақ,
Құзардың көз тастаса хас шыңынан!

Шанышылған аспаныма қасқа шыңға,
Таңырқап қамал құрған тастарына.
Күмән жоқ, Құдірет күші
шағып-шағып,
Далаға сыбаға ғып шапқанына!

Тірегем мен де арқа асқарыма,
Төскейде толысқанмын жас шағымда.
Қымбат жоқ қазағыма таулары мен,
Тап осы жазирадан басқа мұра!

Биік пен жазықтықтың күн аулаған,
Бар сырын сұрамай-ақ ғұламадан.
Танырсың тұтастығын жұмыр
жердің,
Ғарыштан елестетсең мұнарланған!

Сарқырама

Сауылдап сорғалаған сарқырама,
Таулардың қойнауынан қарқын алған.
Үздіксіз ұрандатқан сарбаздардай,

Дуалы бір сарынды дауысы маған.

Құзармен жағаласып ұрғылаған,
Тасқыны тас табанды бұрғылаған.
Кім білсін,
Қаниша заман толастамай,
Түбінен терең иіңқыр үңгіп алған?!

Саумалдай пісіп-пісіп сабадағы,
Көбікті қымыздайын тола қалды.
Сусынын қаниша сімір, таусылмайды,
Сабылып шатқалдардан ағады әлі.

Жақпарлар доспен жаңа
қауышқандай,
Аймалап, ағысымен алысқандай.
Көшкіндей еңістерден екпін алған,
Аптыққан ақ көбікті ағыстар-ай!

Жағаға шашуларын шашып талмай,
Алқапқа су сұраған асыққандай.
Арнадан аласұрып асатындай,
Селдетіп құйған жсауын тасытқандай.

Талабын тасқа соғып тауысқандай,
Шаршаған жауыр аттай
шабыстан да.
Жазыққа жеткенінде жусаыған,
Жайдарлы жолдасымен табысқандай.

ӘЛЕУМЕТ

Қазақстандықтарды әлеуметтік қызметтер порталы арқылы тапсырыс беру кезінде сақ болуға шақырамыз.

Сақ болуға шақырамыз!

2021 жылдан бастап Қазақстанда aleumet.egov.kz әлеуметтік қызметтер порталы жұмыс істейді. Аталған портал арқылы азаматтар оналтуға қажетті тауарларды өз бетінше тандап, сатып ала алады, сондай-ақ қызметтерді тікелей жеткізушілерден алуға мүмкіндік береді.

Портал мүгедектігі бар адамдарды жеке абилитациялау және оналту бағдарламасына (ЖАОБ) сәйкес техникалық құралдармен, тауарлармен және қызметтермен қамтамасыз етуге арналған. Қызметтерге қол жеткізу rsubeta.enbek.kz платформасы арқылы да жүзеге асырылады. Бұдан бөлек, соңғы уақытта жекелеген жеткізушілер тарапынан бей-берекет әрекеттердің жиілегені байқалады. Атап айтқанда, әлеуметтік қызметтер порталы арқылы техникалық оналту құралдары мен қызметтеріне тапсырыстар белгіленген талаптарды бұза отырып немесе алаяқтық жолмен рәсімделген жағдайлар тіркеліп жатыр. Осыған байланысты мамандар азаматтарды әлеуметтік қызметтер порталы арқылы тапсырыс беру кезінде сақтық шараларын ұстануға кеңес береді.

Танат ЖЕКСЕНБАЕВ,
ҚР ЕжХӘҚМ Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитеті Алматы облысы бойынша департаментінің мемлекеттік әлеуметтік қорғау инспекторы

12.01.2026 ж. бастап 10 күн жұмыс ішінде БЭП ndbecology.gov.kz сайтында Алматы облысы Қонаев қаласының әкімшілік-аумақтық бағыныстағы жерінде орналасқан «Капчагайское-2» құрылыс құмы, кен орнында жер қойнауын пайдалану салдарын жою жоспарына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Белгіленген қызметтің бастамашысы: «Асыл Сервис-2016» ЖШС, мекенжайы: Алматы облысы Алатау қаласы, «Арна» ш.а., Арна ө.а., 146 уаcтoк. Тел: 87015454238, m.assainova@mail.ru.

Экологиялық жобаны әзірлеуші: «Құрманғалиев Р.А» ЖК, тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

Ұсыныстар мен ескертулер ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады.

«Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, 329267eco@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, Қонаев қаласы, Жамбыл даңғылы, 13.

С 12.01.2026 г. в течении 10 рабочих дней на сайте ЕЭП ndbecology.gov.kz проводятся общественные слушания посредством публичных обсуждений по разделу «Охрана окружающей среды» к плану ликвидации последствий недропользования на месторождении строительного песка «Капчагайское-2», расположенном на землях административно-территориального подчинения г.Конаев Алматинской области.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Асыл Сервис-2016», адрес: Алматинская область, г.Алатау, мкр. «Арна» п.з.Арна, уч. 146, тел: 87015454238, m.assainova@mail.ru.

Разработчик экологического проекта: ИП «Курманғалиев Р.А.», тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

Предложения и замечания принимаются на сайте ndbecology.gov.kz

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области», 329267eco@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, г.Конаев, проспект Жамбыла, 13.

12.01.2026 ж. бастап 10 күн жұмыс ішінде БЭП ndbecology.gov.kz сайтында Алматы облысы Талғар ауданында орналасқан «Құлантабе» косалқы кварциттер кен орнында жер қойнауын пайдалану салдарын жою жоспарына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Белгіленген қызметтің бастамашысы: «ЭРА-2013» ЖШС, мекенжайы: Алматы облысы, Талғар ауданы, Бесегаш ауылы, Чехов көшесі, 9 «Г». Тел: 87015454238, m.assainova@mail.ru.

Экологиялық жобаны әзірлеуші: «Құрманғалиев Р.А» ЖК, тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

Ұсыныстар мен ескертулер ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады.

«Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, 329267eco@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, Қонаев қаласы, Жамбыл даңғылы, 13.

С 12.01.2026 г. в течении 10 рабочих дней на сайте ЕЭП ndbecology.gov.kz проводятся общественные слушания посредством публичных обсуждений по разделу «Охрана окружающей среды» к плану ликвидации последствий недропользования на месторождении вторичных кварцитов «Кулан-Тюбинское», расположенном на землях административно-территориального подчинения г.Конаев Алматинской области.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «ЭРА-2013», адрес: Алматинская область, Талгарский район, с.Бесегаш, ул.Чехова, 9 «Г», тел: 87015454238, m.assainova@mail.ru.

Разработчик экологического проекта: ИП «Курманғалиев Р.А.», тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

Предложения и замечания принимаются на сайте ndbecology.gov.kz.

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области», 329267eco@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, г.Конаев, проспект Жамбыла, 13.

12.01.2026 ж. бастап 10 күн жұмыс ішінде БЭП ndbecology.gov.kz сайтында Алматы облысы Талғар ауданында орналасқан «Қотырбұлақ» құрылыс тасы кен орнында жер қойнауын пайдалану салдарын жою жоспарына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Белгіленген қызметтің бастамашысы: «ЭРА-2013» ЖШС, мекенжайы: Алматы облысы, Талғар ауданы, Бесегаш ауылы, Чехов көшесі, 9 «Л». Тел: 87015454238, m.assainova@mail.ru.

Экологиялық жобаны әзірлеуші: «Құрманғалиев Р.А» ЖК, тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

Ұсыныстар мен ескертулер ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады.

«Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, 329267eco@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, Қонаев қаласы, Жамбыл даңғылы, 13.

С 12.01.2026 г. в течении 10 рабочих дней на сайте ЕЭП ndbecology.gov.kz проводятся общественные слушания посредством публичных обсуждений по разделу «Охрана окружающей среды» к плану ликвидации последствий недропользования на месторождении строительного камня «Котур-Булакское», расположенном в Талгарском районе Алматинской области.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «ЭРА-2013», адрес: Алматинская область, Талгарский район, с.Бесегаш, ул.Чехова, 9 «Г», тел: 87015454238, m.assainova@mail.ru.

Разработчик экологического проекта: ИП «Курманғалиев Р.А.», тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

Предложения и замечания принимаются на сайте ndbecology.gov.kz.

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области», 329267eco@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, г.Конаев, проспект Жамбыла, 13.

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Саниязбек Нұғыманов бастаған 1972 жылғы түлектері Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы Ақши орта мектебінде оқу ісінің менгерушісі, директоры қызметтерін ұзақ уақыт абыроймен атқарған, әрі курстас, әрі білікті маман, көпке сыйлы азамат

Орысбай ТҮЯҚОВТЫҢ

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

06.01.2026 ж. бастап 10 күн жұмыс ішінде БЭП ndbecology.gov.kz сайтында Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданында орналасқан «Балтабай-7» қиыршық тас, құм қоспасы кен орнында жер қойнауын пайдалану салдарын жою жоспарына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.	С 06.01.2026 г. в течении 10 рабочих дней на сайте ЕЭП ndbecology.gov.kz проводятся общественные слушания посредством публичных обсуждений по разделу «Охрана окружающей среды» к плану ликвидации последствий недропользования на месторождении песчано-гравийной смеси «Балтабай-7», расположенном в Еңбекшиказахском районе Алматинской области.
Белгіленген қызметтің бастамашысы: «RAAF Trading Stroy» ЖШС, мекенжайы: Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Түрген ауылы, Желтоқсан көшесі, 139. Тел: 87015454238, m.assainova@mail.ru .	Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «RAAF Trading Stroy», адрес: Алматинская область Еңбекшиказахский район, с.Түрген, ул.Желтоқсан, 139. Тел: 87015454238, m.assainova@mail.ru .
Экологиялық жобаны әзірлеуші: «Құрманғалиев Р.А» ЖК, тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru .	Разработчик экологического проекта: ИП «Курманғалиев Р.А.», тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru .
Ұсыныстар мен ескертулер ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады.	Предложения и замечания принимаются на сайте ndbecology.gov.kz
«Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, 329267eco@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, Қонаев қаласы, Жамбыл даңғылы, 13.	ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области», 329267eco@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, г.Конаев, проспект Жамбыла, 13.

 Бас редактордың бірінші орынбасары: Алма ЕСЕНБАЙ Бас редактордың орынбасары: Болат МӘЖИТ Жауапты хатшы: Шолпан НҰРЖАУОВА ҚҰРЫЛТАЙШЫ: Алматы облысының әкімдігі Меншік иесі: «Өлке тынысы» ЖШС Директор: Кәдірбек ҚҰНЫПИЯҰЛЫ Бас редактор: Қуаныш ТҮНҒАТАР	МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР: Жамбыл ауданы – Серік САТЫБАЛДИЕВ 8 701 254 97 55 Қарасай ауданы – Қуат ҚАЙРАНБАЕВ 8 701 347 60 32 Талғар ауданы – Құтмағамбет ҚОНЫСБАЙ 8 702 488 56 12 Еңбекшіқазақ ауданы – Күралай МҰРАТҚЫЗЫ 8 700 573 30 11 Іле ауданы, Алатау қаласы – Бағдат ШОЙБАС 8 705 261 50 98 Ұйғыр ауданы – Анар ДҮЙСЕНБАЙҚЫЗЫ 8 702 213 95 83 Райымбек ауданы – Жұмабек ТҮРДИЕВ 8 777 029 45 22 Кеген ауданы – Дәурен ӘБУТӘЛІПОВ 8 777 218 63 25 ЖАРНАМА БӨЛІМІ: Жайһар АМАНГЕЛДИЕВА 8 708 210 95 71 alatau_jarnama@mail.ru 8 747 688 17 41 <i>Жарнама, хабарландырудың мазмұны мен мәтініне тапсырыс беруші жауапты.</i>	Газет облыстың бөлінуіне байланысты жаңадан тіркеліп, 2022 жылдың 3 қыркүйегінен Қонаев қаласынан шығады Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді «Алатау арайы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек Газеттегі кейбір суреттер ғаламтордағы ашық дереккөздерден алынады Газет аптасына үш рет – сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.	Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2024 жылы 2 ақпанда қайта тіркеліп, № КЗ22ВРУ00086933 куәлігі берілген. Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, «Алматы – Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады. М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Қонаев қаласы, Достық көшесі, 1. Тапсырыс – 1306 «Өлке тынысы» ЖШС басылымдарының жалпы таралымы – 12 000, оның ішінде, «Алатау арайы» газетінің осы шығарылымының таралымы – 7 823. Индексі – 64792. Кезекші редактор: Ерзат АСЫЛ
---	---	--	---